**Тракторларды және олардың базасында жасалған өзі жүретін шассилер мен механизмдерді, олардың тіркемелерін, соған қоса арнайы жабдық орнатылған тіркемелерді, өзі жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жоғары өтімді арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу ережелерін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2003 жылғы 8 қыркүйектегі N 467 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2003 жылғы 18 қарашада тіркелді. Тіркеу N 2564. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 17 қаңтардағы № 10-1/18 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.01.17 № 10-1/18 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың атауына өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 217 бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасының "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңын орындау үшін **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н** :

Ескерту: Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 217 бұйрығымен.

1. Ұсынылып отырған Тракторларды және олардың базасында жасалған өзі жүретін шассилер мен механизмдерді, олардың тіркемелерін, соған қоса арнайы жабдық орнатылған тіркемелерді, өзі жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жоғары өтімді арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу ережелері бекітілсін.

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 217 бұйрығымен.

2. Заңнамамен белгіленген тәртіппен Егіншілікті дамыту және фитосанитариялық қауіпсіздік департаменті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

Ескерту: 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2008.11.27 N 732; 2010.10.13 N 652 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз)

Бұйрықтарымен.

3. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылық министрлігінің келесі бұйрықтарының күші жойылсын:

1) "Тракторлардың, өзі жүретін ауыл шаруашылық және мелиоративтік машиналардың есебін алу әрі техникалық жай-күйіне тексеру жүргізу ережесін бекіту туралы" 2002 жылғы 16 қыркүйектегі N 281 (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылдың 17 карашасында тіркелген N 2015);

2) "Қазақстан Республикасында доңғалақты тракторларды, соған қоса олардың базасында жасалған өзі жүретін шассилер мен механизмдерді, сондай-ақ доңғалақты тракторлар құрамында жүруге арналған тіркемелерді мемлекеттік тіркеу және олардың техникалық жай күйіне тексеру жүргізу ережесін бекіту туралы" 2002 жылғы 16 қыркүйектегі N 282 (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2002 жылдың 17 карашасында тіркелген N 2015/1).

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Вице-министрге жүктелсін.

Ескерту: 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2008.11.27 N 732; 2010.10.13 N 652 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрықтарымен.

5. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары-Министр*

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2003 жылғы 8 қыркүйектегі N 467 бұйрығымен бекітілген

**Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар механизмдерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін, сондай-ақ жоғары өтімді арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу**

**ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Ескерту: Ереженің атауына өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2006 жылғы 5 сәуірдегі N 217 бұйрығымен.

Жалпы қолданылатын жолдарда жүруге арналған жылдамдығы 50 км. сағатқа дейін және одан төмен тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар механизмдерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерді , сондай-ақ жоғары өтімді арнайы машиналарды (бұдан әрі - машиналар) мемлекеттік тіркеу "Агроөнеркәсіп кешенін және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы және " Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 6 сәуірдегі N 310 қаулысы негізінде жүргізіледі және олардың жол қозғалысына қатысуына және пайдалануға мемлекеттік рұқсат шарасы болып табылады. Бұл шаралар машиналардың құрылмаларының, техникалық жай-күйі мен жабдықталуының жол қозғалысы қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігін тексеруді және бақылауды қамтамасыз ету оларды сатып алу, пайдалану, тәркілеу және жарамсыз деп табу тәртіптерін сақтау және оларға орталықтандырылған, аймақтық мониторинг жүргізу мақсаттарында жүзеге асырылады.

Осы Ережелерде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) машиналарды мемлекеттік тіркеу - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің аумақтық органдарының (бұдан әрі - Мемтехинспекция) машиналарды тіркеу, олардың жол қозғалысына қатысуына және пайдалануға рұқсат берілгендігін растайтын мемлекеттік нөмірлік белгілер мен тіркеу құжаттарын беру бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асыратын қызметі;

2) тіркеу іс-әрекеттері - бұл машиналарды тіркеуді жүргізу бойынша, тіркеуге өзгеріс енгізу және машиналарды тіркеуден шығару, тиісті тіркеу құжаттары мен нөмірлік белгілер беру, жоғалған нөмірлік белгілер мен тіркеу құжаттарының, пайдалануға жарамсыз, бекітілген үлгідегі стандарттарға сәйкес емес немесе қолдану мерзімі өтіп кеткен тіркеу құжаттарының орнына басқа тіркеу құжаттарын (төлқұжаттарын) және нөмірлік белгілерін беру жөніндегі тіркеу пункттерінің қызметі;

3) тіркеудегі өзгеріс (қайта тіркеу) - тиісті құқықтық негіз болған жағдайларда машиналардың тіркеу мәліметтеріне және құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

4) тіркеу пункті - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің облыстық, аудандық, Астана және Алматы қалалық аумақтық

Агроөнеркәсіптік кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитеті инспекциясының Мемтехинспекциялары;

5) нөмірлік агрегат - зауыттық тіркеу нөмірі бар (двигатель, шасси, рама) машинаның негізгі құрамдық тораптары;

6) меншік иесі - заңнамаларға сәйкес өз меншігіндегі машинаға өз қалауы бойынша иемденуге, пайдалануға және билік етуге құқылы тұлға;

7) иеленуші - өзіне тиесілі меншік иесі құқығы негізінде немесе басқа да заңнамалық негіздерге байланысты ағымдағы уақытта машинаны нақты иеленуші тұлға;

8) тіркеу құжаттары - машиналардың жол қозғалысына қатысуына және пайдаланылуына рұқсат берілгенін растайтын ресми құжаттар болып табылатын техникалық паспорттар (1-қосымша);

9) машиналардың мемлекеттік техникалық байқау- Мемтехинспекцияның машиналардың техникалық жай-күйін олардың құрылмасының қауіпсіздік талаптарына, атап айтқанда Қазақстан Республикасында қолданылатын жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қоршаған ортаны қорғау бойынша белгіленген стандарттар мен ережелер талаптарына сәйкестігін бағалау қызметі;

10) жоғары өтімді арнайы машиналар - қаршаналар, квадроциклдар.

Ескерту: Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2006.04.05 N 217, 2008.11.27 N 732; 2010.10.13 N 652 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрықтарымен.

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережелер Қазақстан Республикасының барлық аумақтарында заңды және жеке тұлғалардың иелігіндегі, шетелдің заңды тұлғалары және азаматтығы жоқ тұлғалардың басқа мемлекеттерде тіркелген машиналарды қоса алғанда және Қазақстан Республикасына 2 айдан артық мерзімге әкелінген машиналарға мемлекеттік тіркеу жүргізудің бірыңғай тәртібін белгілейді, сондай-ақ Мемтехинспекцияның көрсетілген саладағы қызметін регламенттейді.

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.10.13 N 652 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

2. Алынып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.10.13 N 652 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

3. Машиналарды тіркеуді, тіркеуден шығаруды, тіркеуге өзгерту енгізуді, машиналарға мемлекеттік техникалық байқау жүргізуді тіркеу пункттері жүргізеді.

4. Машиналардың меншік иелері немесе өзге тұлғалар, олардың меншік иелігіне (иеленуге) машиналардың келіп түскен сәттен бастап, бір ай ішінде

олардың меншігінен (иеленуінен) шыққан немесе тіркеуді, тіркеу құжаттарына өзгерту енгізуді талап ететін өзге міндеттер пайда болған, тіркеуге өзгеріс енгізу немесе тіркеуден шығару бойынша осы Ережелермен бекітілген машиналарды тіркеу (қайта тіркеу) үшін іс-әрекеттерді жасайды.

Ескерту: 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.10.13 N 652 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

5. Алынып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.10.13 N 652 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

6. Алынып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.10.13 N 652 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

7. Алынып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.10.13 N 652 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

8. Тіркеуге (қайта тіркеуге) ұсынылған құжаттарда мыналар көрсетілуі тиіс:

1) олардың жасалу уақыты;

2) олардың жасалу орны;

3) өкілетті тұлғаның қолы;

4) машина туралы мәліметтер (марка, модель, шығарушы зауыт, шыққан жылы, шассидің, раманың және двигательдің зауыттық нөмірлері).

Ескерту: 8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.10.13 N 652 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

9. Тіркеудің іс қағаздарын жүргізу, тіркеуді ресімдеу және тіркеу пункттері беретін құжаттарды ресімдеу мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізіледі.

Ескерту: 9-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.10.13 N 652 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

10. Машиналарға басқа тілде жазылған меншік құқығын растайтын және тіркеу әрекеттерін жүргізу үшін ұсынылған өзге де құжаттар мемлекеттік және орыс тілдеріне аударылуы және оларда аударманың бір тілден екінші тілге дұрыс аударылуын куәландыратын нотариустың қолы немесе осындай іс-әрекет істеу бойынша аударманың түп нұсқаға сәйкестігін растайтын құқығы бар лауазымды тұлғаның қолы болуы тиіс.

11. Тіркеуге тазалануы бар немесе қосып жазылған, сызылған, өшірілген сөздері бар немесе басқадай аталмаған түзетулері бар, сондай-ақ қарындашпен жазылған құжаттар тіркеу іс-әрекеттерін жүргізуге қабылданбайды. Аталған құжаттардың мәтіні анық әрі түсінікті жазылуы тиіс. Азаматтардың аты, әкесінің аты, тегі, тұрған жері толық көрсетілуі керек, ал заңды тұлғалардың атаулары - қысқартылмай мекен-жайы дәл көрсетілуі тиіс. Заңнамаларда көзделген жағдайлардан басқа тіркеу іс-әрекеттерін жасауға тіркеу пункттеріне ұсынылған құжаттардың көшірмелері, сондай-ақ тіркеу пункттері берген тіркеу немесе басқадай құжаттардың көшірмелері түпнұсқаны алмастыра алмайды.

12. Тіркеу пункттерінің қызметкерлері машиналардың меншік иелеріне ( иеленушілеріне) тіркеу іс-әрекеттерін жүргізу сұрақтары бойынша түсініктемелер беруге, міндеттерін түсіндіруге, олардың құқықтарының орындалуына және мүдделерін қорғауға көмектеседі.

Ескерту: 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.10.13 N 652 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

13. Алынып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.10.13 N 652 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

14. Алынып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.10.13 N 652 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

15. Машинаға берілген тіркеу құжаты оның жол жүрісіне қатысуға жіберуге, пайдалануға рұқсат берілгендігін растайтын және машинаның мемлекеттік тіркеуге қойылғандығын куәландыратын ресми құжат болып табылады.

16. Қазақстан Республикасына әкелінетін, шетел тауары болып табылатын машиналар міндетті кедендік ресімдеуден өткеннен кейін тіркеледі.

Қазақстан Республикасына әкелінетін, кедендік одақ тауары болып табылатын машиналар міндетті ресімдеуден өтпей-ақ тіркеледі.

Ескерту: 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.10.13 N 652 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

## 2. Тіркеу пункттерінің жүргізетін іс-әрекеттері

17. Тіркеу пункттері тіркеу іс-әрекеттерінен басқа мынадай іс-әрекеттерді жүргізеді:

1) машиналарға тіркеу кезіндегі техникалық байқау актісін береді (2-қосымша);

2) заңнамада көзделген жағдайларда тіркелген машиналарды тіркеуден шығаруға шектеу енгізеді;

3) тіркеу іс-әрекеттері жөнінде анықтамалар береді;

4) жыл сайынғы машиналарға мемлекеттік техникалық байқау жүргізеді;

5) машиналарды тіркейді және оның иелеріне тиісті құжаттар мен нөмірлік белгілер береді;

6) тіркеуге өзгерістер енгізеді;

7) машиналарды есептен шығарады;

8) алынып тасталды.

9) Қазақстан Республикасының басқа аймақтарынан келген машиналарды уақытша тіркеуге алады;

10) жоғалған, тиісті үлгіге сай келмейтін, пайдалануға жарамсыз болған немесе мерзімі өтіп кеткендердің орнына тіркеу құжаттарын және нөмірлік

белгілерін береді;

11) тіркеу пункттерінде тіркеуден өткен машиналардың босаған агрегаттарының құжаттарын береді;

12) нөмір жоқ агрегаттарға (двигатель, шасси, рама) пуансонмен номер енгізеді.

Ескерту: 17-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.10.13 N 652 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

18. Тіркеу пункті берген тіркеу құжаттар тиісті тіркеу пунктінің мемлекеттік техникалық инженер-инспекторының қолымен және мөрімен куәландырылады. Құжаттарды, сондай-ақ нөмірлік белгілерді алу фактісі машиналарды тіркеу кітабында тіркеу құжаттарын алушының қолымен куәландырылады (5-қосымша).

Ескерту: 18-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.10.13 N 652 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

19. Алынып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.10.13 N 652 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

20. Тіркеу әрекеттерін немесе оны жасамаған жағдайда оны негізсіз деп санайтын машина иелері бұл туралы жоғарғы органдарға немесе сотқа шағымдануға құқылы.

## 3. Тіркеу іс-әрекеттерінің жалпы шарттары мен машиналарды мемлекеттік тіркеу тәртібі

21. Алынып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.10.13 N 652 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

22. Заңнама шарттары бойынша меншік иесі болып табылмайтын тұлғалардың бастамаларымен тіркеу іс-әрекеттерін жүргізілген жағдайларында тіркеу құжаттарындағы ерекше белгілер бағанында машинаның меншік иесінің атауы мен бастамашы тұлғаның машинаны иелену негізі көрсетіледі.

Ескерту: 22-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.10.13 N 652 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

23. Егер тіркеу іс-әрекеттері жүргізілуге тиіс машина жалпы меншік иелігінде болған жағдайда тіркеу құжаттарында барлық меншік иелері көрсетіледі және құжаттар барлық меншік иелері аттарынан беріледі.

24. Заңды тұлға жарғысы негізінде машиналарды сатуды жүзеге асыратын машина жасаушы зауыттардың, сауда немесе басқа ұйымдардың сатуға арналған және олармен жеке шаруашылық мақсатарда пайданылмайтын машиналары

тіркелмейді.

Ескерту: 24-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.10.13 N 652 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

25. Машиналар жеке тұлғалардың атына тұрақты тұрғын орны бойынша немесе уақытша келген орны бойынша тіркеледі (тұрақты тіркеуі болмаған жағдайда) уақытша тұратын уақыт мерзіміне дейін, ал заңды тұлғаның атына орналасқан орны бойынша, заңды тұлғалардың филиалдарына заңды тұлғаның мөр қойылған рұқсат қағазы бойынша олардың дислокацияланған орны бойынша тіркеледі.

26. Машинаның меншік иесі болып саналмайтын тұлғаларға мемлекеттік тіркеу жүргізілген жағдайда, алдын-ала машинаның меншік иесінің жазбаша келісімінсіз тиісті тіркеу іс-әрекеттерін жүргізуге болмайды.

Ескерту: 26-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.10.13 N 652 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

27. Машинаны тіркеу кезінде оларға байқау жүргізіледі.

Тексеру процесінде мыналар жүзеге асырылады:

1) нөмірлік агрегаттардың зауыттық нөмірінің және нөмірлік белгілердің машина құжатындағы нөмірлерге сәйкестігін тексеру;

2) машина құрылмасының қауіпсіздігін регламенттеуші Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілері талаптарына сәйкес, тіркелетін машина құрылмасының қауіпсіздігін бақылау;

3) алынып тасталды.

Ескерту: 27-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.10.13 N 652 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

28. Машиналарды тіркеу пунктіне алып келуге кедергі болатын жағдайларда (бұзылып қалу, машинаның габариті және (немесе) техникалық сипаттамасы мүмкіндік бермейді) машинаны байқау осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысанда техникалық байқау актісі жасалып машинаның тұрған жері бойынша жүзеге асырылады. Мұндай актінің жарамдылық мерзімі 30 күнтізбелік күнді құрайды.

Ескерту: 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.10.13 N 652 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

29. Тіркеу пунктінің қызметкерлері тіркеу іс-әрекеттерін жүргізу кезінде жеке басын куәландыратын құжаттар негізінде машиналардың меншік иелерінің, иеленушілерінің немесе олардың өкілдерінің жеке басын анықтайды.

30. Меншік иесі немесе иеленушінің өкілі тіркеу іс-әрекетіне өтініш бергенде оның өкілеттілігі берілген сенімхатты заңнамада көзделген тәртіп бойынша тексеру арқылы расталады. Заңды тұлға өкілінің өкілеттілігі бастықтың қолы мен заңды тұлға мөрі қойылған сенімхат арқылы расталады.

14-16 жастағы азаматтардың жеке басын куәландыру олардың ата-аналарының, асырап алушыларының немесе қамқорлық жасаушы органдардың қатысуымен кәмелетке толмаған адамның туу туралы куәлігін ұсыну арқылы жасалады.

31. Тіркеу іс-әрекеттері, тіркеу пункттерінде машиналардың тіркелген орындары бойынша жүргізіледі. Аталған іс-әрекеттерді басқа жерде жүргізу туралы шешім машинаны тіркелген орны бойынша тіркейтін пункт пен тіркеу іс-әрекеттерін жүргізу жобаланған пункт арасындағы келісім арқылы қабылданады.

Ескерту: 31-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.10.13 N 652 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

32. Жеке тұлғалардың машиналары иесінің бұрынғы тұрған үйі оның атында қалғанда, оның жаңа тұратын жері бойынша жағдай болмаса (машиналарды пайдалануға климаттық және басқа жағдайлар қиындататын жерлерде тұратын, ұзақ іссапар, әскери қызмет, оқу, ұзақ жүзетін кемелерде жұмыс істеу немесе басқа жағдайлар) бұрынғы тұратын жері бойынша тіркеледі.

Мұндай жағдайларда машиналарды тіркеуге негіз болған құжаттарға оның иесінің шалғай ауданда тұратындығын растайтын келісім-шарттың немесе басқадай құжаттың көшірмесі қоса тігіледі.

Ескерту: 32-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2008.11.27 N 732; 2010.10.13 N 652 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрықтарымен

33. Алынып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.10.13 N 652 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

34. Егер иегер 14 жасқа дейінгі кәмелетке жетпеген азамат болса, тіркеу әрекеттері ата-аналардың атынан жасалады, ал егер 14-18 жас аралығында болса, оның жазбаша келісімімен ата-анасы (асырап алушысы) немесе қамқорлыққа алған органдар жасайды.

Ескерту: 34-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.10.13 N 652 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

35. Машинаның меншік иесі болып саналмайтын тұлғаларға мемлекеттік тіркеу немесе басқа да тіркеу іс-қимылдары жүргізілген жағдайда, машинаның тіркелген тұлғаның иеленуінен шығуы немесе аталған тұлғаның машинаны бұдан әрі иелену құқығынан айрылуы меншік иесінің бастамасымен тиісті тіркеу іс-әрекеттерін жүргізуге және кейіннен машинаны меншік иесі атына тіркеуге негіз болады.

36. Заңды және жеке тұлғалар мемлекеттік тіркеу іс-қимылдарын жүргізу үшін тіркеу пунктіне мыналарды ұсынады:

1) өтініш (3, 4-қосымша);

2) жеке тұлға үшін тіркеу іс-әрекеттерін жасауға өтініш жасаған азаматтың жеке басын куәландыратын құжатының түп нұсқасы мен көшірмесі немесе заңды тұлғаның құрылтай құжаттары (тіркелгені, (қайта тіркелгені) туралы куәлігінің статистикалық картасының көшірмесі, салық төлеушінің тіркеу нөмірі (СТТН));

3) машинаны мемлекеттік тіркеуге, қайта тіркеуге және тіркеу құжатының төлқұжатына алым төленгені жөніндегі құжат;

4) машинаның өзін, егер ұқсату (жарамсыз деп табу, есептен шығару) жағдайлары болмаса, сондай-ақ осы Ережелердің 28-тармағында анықталған жағдайларда;

5) нотариус куәландырған келісім-шарттың (сату-сатып алу, айырбастау, сыйға тарту, қарызға беру және т.б.) және машинаны қабылдау-беру актісінің немесе машинаға меншік құқығын растайтын құжаттардың (анықтама-шот, кіріс кассалық ордерінің квитанциясы, соттың шешімі және өзге де заңнамада көзделген құжаттар) көшірмесі;

6) машинаның тіркеу құжаты мен мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісі үшін төлемді растайтын құжат;

7) қолдан құрастырылған немесе Қазақстан Республикасының территориясына әкелінген машиналарға белгіленген қауіпсіздік техникасы талаптарына сәйкестігін растайтын сертификат немесе басқа да бір құжат.

8) Кеден жүк декларациясы (машинаны шетелден алған жағдайда) Кедендік құжаттар көшірмелері, осы тармақтың 8-1) тармақшасында көрсетілген жағдайларды қоспағанда осы құжаттарды берген Кеден органдарымен куәландырылады;

8-1) тауардың шығу сертификатының көшірмесін, кедендік одақ тауары болып табылатын машиналарды әкелу туралы және де салыстырылып тексеру үшін жанама салықтарды төленгені туралы салық органының белгісі бар жанама салықтарды төлеу туралы өтініштің көшірмесі мен түпнұсқасы.

Ескерту. Көрсетілген өтініштің түпнұсқасы ұсынушыға қайтарылуға жатады;

9) жеке тұлғалар үшін көлік құралдарына салық төлегенін растайтын құжат немесе көлік құралдарына салық төлеуден босатылғанын растайтын құжат.

Ескерту: Машиналарға, нөмірлі агрегаттарға меншік құқығын растайтын басқадай құжаттарға мыналар жатады:

1) сатып алғанын, сондай-ақ машиналарды ҚР Кедендік ауқымына әкелгенін растайтын құжаттардың түпнұсқасы (ЖТД);

2) келісім-шарттар, куәліктер, мұраға берілген құқығын растайтын және нотариальдық тәртіппен куәланған құжаттар, сондай-ақ тиісті заңға сәйкес жасалған өзге де құжаттар;

3) Қазақстан Республикасына әкелінген машиналардың тіркеу құжаттары және "Транзит" нөмірлері;

4) заңды тұлғаның машиналарын жеке тұлғаға сату туралы мөр қойылған бұйрық (өкім).

Ескерту: Гостехинспекцияда есепте тұрған және жаңа заңды немесе жеке тұлғаларға сатылған (берілген) заңды тұлғалардың машиналарын тіркеу үшін мыналар негіз болады - жалпы жиналыстың хаттамасы, құрылтай құжаттарына сәйкес жоғарғы органның шешімі, бірінші басшының қолы қойылып, мөрмен расталған осы ұйым бойынша бұйрықтың көшірмесі, негізгі қорларды қабылдау-тапсыру актілері сатылған машиналар үшін төленген төлемдерді растайтын құжаттар, мемлекеттік мүлік жөніндегі ауқымдық органның рұқсатын (мемлекет меншігіндегі заңды тұлғалар үшін).

Ескерту: 36-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2008.11.27 N 732, 2010.02.15 N 92; 2010.10.13 N 652 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрықтарымен.

37. Меншік иесі немесе иеленуші атынан тіркеуді олардың өкілдері жүргізген жағдай орын алса, онда олар тіркеу пунктіне осы Ережелердегі жеке тұлғаларға арналған 36-тармағында белгіленген құжаттардан басқа өкіл-тұлғаның тіркеу іс-әрекеттерін жүргізу кезінде меншік иесінің немесе иеленушінің мүдделерін білдіру жөніндегі өкілеттілігін куәландыратын құжаттарды ұсынуы қажет.

38. Егер, мемлекеттік тіркеуге Қазақстан Республикасында бұрын мемлекеттік тіркеуде болмаған машина ұсынылса, онда иеленушілер тіркеу пунктіне осы Ережелердегі 36-тармақтың белгіленген құжаттардан басқа жасаушы-зауыт берген формулярдың көшірмесін ұсынуға міндетті.

39. Егер, мемлекеттік тіркеуге Қазақстан Республикасында бұрын мемлекеттік тіркеуде болған машина ұсынылса, онда иеленушілер тіркеу пунктіне осы Ережелердегі 36-тармағында белгіленген құжаттардан басқа бастапқы тіркеу құжатын ұсынуға міндетті, бірақ аталған құжатты ұсынбау мемлекеттік тіркеу жүргізбеуге негіз болмайды.

40. Егер, машинаны иеленуші мен меншік иесі бір тұлға ретінде үйлеспесе, онда иеленушілер тіркеу пунктіне осы Ережелердегі жеке тұлғаларға және заңды тұлғаларға арналған 36-тармақтың белгіленген құжаттардан басқа келісім шарттың (жалдау, субъективті жалдау, лизинг, сублизинг, кепілге беру және басқалар) нотариус куәландырған көшірмесін және машинаны қабылдау-беру актісінің немесе машинаны иелену құқығын растайтын өзге құжатты, сонымен қатар меншік иесінің мемлекеттік тіркеу жүргізуге қол қойылған (жеке тұлғаларға) немесе бірінші басшы қол қойып, мөрмен куәландырылған (заңды тұлғаларға) жазбаша келісімін ұсынады.

Ескерту: 40-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.10.13 N 652 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

41. Заңды және жеке тұлғалар аукциондар мен сауда биржалары арқылы сатып алған машиналарды тіркеу, тиісті өкілетті тұлғаның қолымен және мөрімен куәландырылған аукцион хаттамасы мен сатып-алу келісім шарты негізінде жүргізіледі.

Ескерту: 41-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.10.13 N 652 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

42. Қолдан құрастырылған және дайындалған машиналар олардың Қазақстан Республикасы стандарттарына және олардың құрылмасының жол қозғалысы қауіпсіздігі талаптарына сәйкестігін (сәйкестік сертификаты) растайтын өкілетті орган куәландырған құжаттарын ұсынғаннан кейін тіркеу іс-әрекеттеріне қабылданады.

43. Тіркелген, техникалық жарамды машиналарға Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің үлгісіндегі техникалық паспорттар, және Қазақстан Республикасы индустрия және сауда министрлігінің стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің 2003 жылғы 30 шілдедегі N 262 бұйрығымен бекітілген "Көлік құралдары және олардың тіркемелері үшін қаптамалы жарықшағылыстырғышты мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілер" 1176 -2003 ҚР СТ нысаны бойынша тиісті түрдегі нөмір белгілері беріледі. Бір машинаға бір нөмірлік белгі беріледі.

Техникалық паспорттар мен нөмірлік белгілер қатаң түрде олардың цифрлық нөмірлерінің өсуі ретімен беріледі.

Нөмірлік белгілер техникалық жарамсыз машиналарға олар жарамды болғанға дейін берілмейді.

44. Жоғалған, жарамсыз болған, қолданыстағы стандартқа сәйкес емес немесе жарамдық мерзімі біткен техникалық паспорттар мен мемлекеттік нөмірлік белгілердің орнына берілетін құжаттар мен нөмірлік белгілер, иеленушілердің өтінішімен, машинаны тіркеу орны бойынша, айырбастауды негіздей отырып беріледі.

45. Кепілдікке немесе басқа да жүктемеге қойылған машиналарға тіркеу жасау іс-әрекеттерін кепіл ұстаушының немесе тиісті жүктеме түрі пайдасына шешілген тұлғаның ондай тіркеу іс-әрекеттерін жүргізуге жазбаша келісімінсіз жүргізуге болмайды.

46. Осы Ережеге сәйкес тіркеуге қажетті тиісті құжаттарды алмай тіркеу пункттеріне тіркеу жүргізуге рұқсат етілмейді.

47. Тіркеуші орган 36, 50, 52-тармақтарда қарастырылған құжаттар жоқ болған жағдайда тіркеу іс-әрекеттерін жүргізуден бас тартудың себебін көрсетіп машина иелеріне үш жұмыс күн ішінде хабарлайды.

Машинаны тіркеуден бас тарту себебі өтінішке жазылып, ол лауазымды тұлғаның қолымен және тіркеу пунктінің мөрімен куәландырады. Мұндай өтініш

машина иесіне қайтарылады.

Мұндай тәртіп тіркеуден басқа да іс-әрекеттерді тіркеу және анықтама беруден бас тартқан жағдайда да қолданылады.

Ескерту: 47-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.10.13 N 652 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

48. Тіркелген машиналар мен олардың иелері туралы тіркеу анықтамалары мына негізде жазбаша сұрауға беріледі:

Қазақстан Республикасы заңнамаларында көзделген жағдайларда өкілетті мемлекеттік органдарға;

машиналардың меншік иелері мен иеленушілеріне.

Ескерту: 48-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.10.13 N 652 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

49. Алынып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.10.13 N 652 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

50. Әскери бөлімдерден сатылған машиналарды тіркеу мына негізде жүргізіледі:

1) Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің төлем төлегені туралы төлем-наряды;

2) машинаның бағыныштылығына байланысты тиісінше Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті немесе Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Республикалық гвардия, Қазақстан Республикасы Президентінің күзет қызметі бекіткен машинаның техникалық жай-күйі және беру жөніндегі актісі.

Ескерту. ҚР ҰҚК, ҚР ІІМ, машиналары сатылған жағдайда төлем-наряд атқарушы органның, комиссияның тиісті ведомствоның мөрімен куәландырады.

51. Қазақстан Республикасы аумағында үнемі тұратын шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқтардың машиналарын тіркеу жалпы негізде жүргізіледі.

52. Кейбір себептермен агрегаттарының (двигатель, кузов, шасси рамма) нөмірі болмаған машиналарға олардың аталған агрегаттарына пуансонмен биіктігі 5-7 мм. және ені 3-4 мм. 6-белгілі индекс соғылғаннан кейін ғана аталған машиналар тіркеуге жатады.

53. Алғашқы әріп аймақтың кодын, қалған цифрлар операцияның реттік нөмірін білдіреді. Пуансонмен соғуды инженер - инспектор жүргізеді.

Бұл туралы есеп кітабына және тіркеу құжаттарына белгі соғылады. Әрбір агрегатқа, соғылған номерлер дербес болады және ол осы аймақта қайталанбауы тиіс.

54. Жасаушы кәсіпорыннан, машина жөндеу заводтарынан кедендік бақылау органдары мен сауда ұйымдарының тіркеу орнына өз жүрісімен жеткізілген,

сондай-ақ тұрған жерінен немесе меншік иесінің өзгеруіне байланысты тіркеуші органның есебінен шығарылған машиналарына бір рет қолданылатын "Транзит" нөмірлік белгісі тиісті жасаушы кәсіпорын, машина жөндеу заводы, кеден органдары сауда ұйымдары тарапынан беріледі.

Ескерту: 54-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.10.13 N 652 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

55. Алынып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.10.13 N 652 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

56. Машиналарды тіркеу кезінде "Транзит" нөмірлік белгісі алынады және тіркеу үшін негіз болатын құжаттарға тігіледі, ал "Транзит" номерлік белгісін бермеген жағдайда еркін түрдегі қажетті акті жасалады.

Ескерту: 56-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2008.11.27 N 732 бұйрығымен.

57. Алынып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.10.13 N 652 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

58. Есептен шығарылған машинаның тіркеу құжаты жоғалған жағдайда тіркеу пункттері көліктің бұрынғы тіркелген жеріне сұрау салады, ол алған күннен бастап 5 тәуліктің ішінде орындалуға тиіс.

59. Орнына дубликат берілген құжат пен машинаның нөмірлік белгісі табылған жағдайда олар жарамсыз деп табылады.

Ескерту: 59-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.10.13 N 652 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

60. Егер тіркеу пунктіне тапсырылуға тиісті құжаттар мен белгілер жоғалған болса, онда ол өтініште жоғалу жағдайы көрсетіледі.

61. Алынып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.10.13 N 652 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

## 4. Машиналардың тіркеуіне өзгерістер енгізу (қайта тіркеу)

62. Машиналардың тіркеуіне (қайта тіркеуіне) өзгерістер енгізу мынадай жағдайда жүргізіледі:

1) меншік құқығы өзгергенде;

2) жалпы меншік құқығы пайда болғанда, тоқтатылғанда және машинаның жалпы меншік иелері өзгергенде;

3) машина тіркелген тұлғаның мекен-жайы (заңды тұлғаның мекен-жайы) өзгергенде, машинаны тіркеуге алған тіркеу пунктінің қызмет ететін аумағында болса;

4) машина тіркелген тұлғаның тегі, аты-жөні (атауы) өзгергенде;

5) қайта жабдықтау немесе агрегаттарын алмастыру, арнаулы жабдық орнату және өзге де ұқсас өзгертулер салдарынан машинаның тұрпаты мен моделі өзгергенде.

63. Жеке және заңды тұлғалар қайта тіркеу іс-әрекеттерін жүргізу үшін тіркеу пунктіне мыналарды ұсынады:

1) меншік құқығы өзгергенде осы Ережелердегі 36, 39-тармақтарында көрсетілген құжаттарды;

2) Жалпы меншік құқығы пайда болғанда, тоқтатылғанда, жалпы меншік иелері өзгергенде және машина тіркелген тұлғаның мекен-жайы немесе заңды тұлғаның мекен-жайы өзгергенде осы Ережелердегі 36, 39-тармақтарындағы көрсетілген құжаттарды;

3) машина тіркелген тұлғаның тегі, аты-жөні өзгергенде немесе заңды тұлғаның аты-жөні өзгергенде осы Ережелердегі 36, 39-тармақтарда көрсетілген және қолданыстағы заңнамаларға сәйкес осы өзгерістерді растайтын құжаттарды;

4) қайта жабдықтау немесе агрегаттарын алмастыру, арнаулы жабдық орнату және өзге де ұқсас өзгертулер салдарынан машинаның тұрпаты өзгергенде осы Ережелердегі 36, 39-тармақтың көрсетілген құжаттарды және қайта жабдықтаудан кейін тіркеу пунктінде жасалған машинаның техникалық жай-күйін тексеру актісін;

5) алынып тасталды.

Ескерту: 63-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.10.13 N 652 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

64. Тораптары мен нөмірлік агрегаттарының нөмірлік агрегаттарының нөмірлері тіркеу құжаттарына сәйкес келмейтін машинаны тіркеуге өзгерістер енгізу Мемтехинспекция органдарында қабылданған шешімдер немесе соттың шешімі негізінде жүргізіледі. Мұндай жағдайда тіркеу құжатының "Ерекше белгілер" графасына аталған шешім жазылып, оның расталған көшірмесі іске тігіледі. Шешімді жоғалтқан жағдайда оның көшірмесі сұратылады.

65. Тіркеуге өзгерістер жүргізу машиналарға, осы Ережелердің 36, 50, 52-тармақтарында көзделген құжаттар болмаса жүргізілмейді.

66. Тәркіленген немесе сот шешімімен иесіз деп табылған машиналарға тіркеу құжаттарсыз тіркеуіне өзгеріс енгізу сот шешімінің куәландырылған көшірмесі негізінде жасалады.

67. Машина иесінің тіркеу куәлігінің техникалық паспорттың "Ерекше белгілері" графасында өзгеріс енгізуге ұсынылған құжаттар, сондай-ақ бұрынғы тіркеу құжатының сериясы мен нөмірі көрсетіледі.

68. Мұрагерлікке немесе сыйлыққа алынған машина мұрагерлік құқында бірнеше адам көрсетілген болса, онда барлығының бір адамға меншік құқығын беру туралы жазбаша келісімі арқылы қайта тіркеледі.

69. Машиналарды тіркегенде керек мәліметтер машиналарды тіркеу кітабына жазылады (5 қосымша).

## 5. Машиналарды тіркеуден шығару

70. Машиналарды тіркеуден шығару мына жағдайларда жүргізіледі:

1) машина тіркелген тұлғаның мекен-жайы (заңды тұлғаның мекен-жайы) өзгергенде, егер жаңа мекен-жай машинаны тіркеген тіркеу пунктінің қызмет ететін аумағынан тысқары болғанда;

2) машинаға меншік иесі құқығының жойылғанында;

3) машинаны ұқсатқанда (жарамсыз деп тапқанда, есептен шығарғанда);

4) машинаны Қазақстан Республикасы аумағынан тысқары шығарғанда;

5) тіркеу орнын ауыстыруға басқа негіздер пайда болғанда.

71. Жеке және заңды тұлғалар машиналарды тіркеуден шығару үшін (ұқсату, жарамсыз деп табу, есептен шығару жағдайларынан өзге жағдайларда) тіркеу пунктіне осы Ережелердегі 36-тармақтың 1), 2), 4), 5) тармақшаларында, көрсетілген құжаттарды ұсынады.

Ескерту: 71-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.10.13 N 652 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

72. Ұқсатуға (жарамсыз деп табуға, есептен шығаруға) жататын машиналарды тіркеуден шығару үшін жеке тұлғалар - осы Ережелердегі 36-тармақтың 1), 2) тармақшаларында, көрсетілген құжаттарды және техникалық паспорты, заңды тұлғалар - осы Ережелердегі 36-тармақтың 1), 2) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды және техникалық паспорты, есептен шығару (тарату) туралы бұйрықты және актісін, ал мемлекеттік мекемелер үшін жоғарғы органның бұйрығы. Тіркеу құжаттары (заңды тұлғалардың) мен нөмірлік белгілер тіркеу пунктіне тапсырылады. Ұқсатылатын машиналардың тіркеу құжаттары мен нөмірлік белгілер болмаса өтініштерде олардың жоғалу себебі көрсетіледі.

73. Соттың және басқа да мемлекеттік құзыретті органдардың шешімдерімен машинаны есептен шығаруға уақытша шектеу қойылады.

Ескерту: 73-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2010.10.13 N 652 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

74. Мемлекет меншігіне сот немесе басқа органдардың шешімімен берілген машиналарды есептен шығару кезіндегі сот атқарушылары немесе басқа

органдардың лауазым иелеріне осы Ережелердегі көрсетілген машина иелеріне қойылатын талаптар жүктеледі.

75. Сот, тергеу, кеден органдарының меншік құқын өзгертуге тыйым салғанда немесе шектеу қою болғанда, ондай машиналар тиісті шектеулердің немесе соттың (заңда белгіленген басқадай мемлекеттік органдардың) машиналар иеліктен алу және басқа кісілердің немесе мемлекеттің меншігіне ауыстыру жөнінде шешімдерді куәландыратын құжаттар ұсынылғанда, заңда басқа тәртіп көрсетілмесе, есептен шығарылады.

76. Машиналарды есептен шығарғанда тіркеу құжаттарында тіркеуден шығарудың себептері жазылады тіркеу пунктінің мөрімен бекітіледі.

77. Машинаның нөмірлік агрегаттары нөмірлерінің тіркеу құжатына сәйкес келмеген жағдайда, тіркеу пункті қабылданған шешімдері (қорытынды) негізінде тіркеуден шығарылады.

78. Егер машина ортақ меншікте болса, есептен шығару барлық иелерінің келісімімен немесе нотариальдық куәландырылған сенімхат арқылы жүргізіледі.

79. Заңды және жеке тұлғалардың машиналарды кепілдікке бергені жөніндегі келісім шарттың көшірмесі болғанда оны есептен шығаруға кепілдік міндетін орындағанша шектеу қойылады. Мұндай кезде тіркеу құжатына тиісті белгі жасалады.

80. Аумақтық органдарда тұратын машиналар облыстан, Астана мен Алматы қалаларынан тысқары 2 айдан астам уақытқа кетсе, машина иесінің өтініші бойынша олардың келген жерінде, сондағы заңды және жеке тұлғалардың мекен-жайына олардың жазбаша келісімімен уақытша есепке алуға қабылданады. Уақытша есепке алу журналында жазу жүргізіледі және тіркеу құжатында машинаның уақытша есепке алынғандығы жөнінде оның аяқталатын мерзімі көрсетіліп белгі қойылады.

Ескерту: 80-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2008.11.27 N 732 бұйрығымен .

81. Республикаға 2-айдан артық мерзімге қайтадан әкету міндеттемесімен уақытша әкелінген машинаны есептен шығарғанда тіркеу куәлігіне бұл туралы белгі соғылып "Әкетуге жатады" деген жазу жазылады. Берілген нөмірлік белгілер тіркеу пунктіне тапсырылады.

82. Машиналарды тіркеу кітабында нақты негіздеме көрсетіліп (машина иесінің мекен-жайының өзгеруі, тіркеу орнында өзгертудің басқа негіздері, басқа ортақ меншіктес адамдарға тіркеу, машинаны Қазақстан Республикасынан тысқары шығарылуы, жарамсыз болуы, сатып алу-сату, айырбастау, сыйлау және т.б. келісім шарттар бойынша машиналарды иеліктен айыру, көліктің сот шешімі арқылы мемлекеттің немесе басқа адамның мүлкіне өтуі) машинаны есептен шығару белгісі қойылады.

83. Мыналардың:

басқа аймақтарға іссапарға жіберілген заңды тұлғалардың немесе жалға берілгендердің;

аумақтық органдардың тіркеу пункттері қызмет ететін территориядан тысқары әкетілетін, бірақ иесінің тұрған жері өзгермесе, сондай-ақ басқаларға сенімхат арқылы пайдалануға берген жеке тұлғалардың машиналары есептен шығарылмайды.

## 6. Машиналардың нөмірлік белгілері мен тіркеу құжаттарын дайындау, сақтау тәртібі

84. Тіркеу құжаттары ретінде Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі бекіткен арнайы өнімдер қолданылады.

85. Келіп түскен арнайы өнімдердің (нөмірлік белгілердің, техникалық паспорттардың) санын есепке алу Нөмірлік белгілер мен техникалық паспорттардың түсуін және берілуін есепке алу журналында (6-қосымша) жүргізіледі.

86. Нөмірлік белгілердің және тіркеу құжаттарының жұмсалуы машиналарды тіркеу кітабында жүргізіледі, оларда берілген тіркеу құжаттарының сериялары мен нөмірлері және нөмірлік белгілері қатаң нөмірлердің ретімен жазылады.

87. Толтыру кезінде бүлінген техникалық паспорттар, тіркеу бланкілері, қолдануға жарамсыз болған мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілер кезекті тексеріс кезінде оларды қайта пайдалануға болмайтындай етіп жойылады және ол туралы тиісті акт жасалады.

88. Тіркеуге, тіркеуге өзгеріс енгізуге, есептен шығаруға, нөмірлік белгілер беруге негіз болған құжаттар машиналардың тіркеу кітабындағы жазбаларға сәйкес кезегімен жеке іске тігіліп, 5 жыл бойы сақталады.

89. Арнайы өнімдерге тапсырыс беруге байланысты мәселелерді реттеуді Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылық министрлігінің аумақтық органдары жүргізеді.

90. Нөмірлік белгілер, тіркеу құжаттарының бланкілері есепке алу құжаты ретінде қатаң сақталады.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2003 жылғы 8 қыркүйектегі № 467 бұйрығымен бекітілген Тракторларды және олардың базасында жасалған

өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар механизмдерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін мемлекеттік тіркеу ережелеріне 1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2010.05.21 N 342 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-т. қараңыз) Бұйрығымен.

## ТЕХНИКАЛЫҚ ПАСПОРТ ТЕХНИЧЕСКИЙ ПАСПОРТ

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2003 жылғы 8 қыркүйектегі № 467 бұйрығымен бекітілген Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар механизмдерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін мемлекеттік тіркеу ережелеріне 1-қосымшасының жалғасы

I. ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР ОБЩИЕ СВЕДЕНИЯ

1. Машинаның атауы және маркасы
Наименование и марка машины ______________________________
______________________________________________________________

2. Шығарушы зауыт

завод изготовитель ____________________________________________
3. Шығарылған айы және жылы
месяц и год изготовления ________________________________________
4. Машинаның зауыттық нөмірі
заводской номер машины __________________________________________
5. Двигательдің маркасы және нөмірі
марка и номер двигателя _________________________________________
6. Иесі / иеленуші, иесі емес және мекен-жайы: (керек емесі сызылсын)
Собственник / владелец, не являющийся собственником и адрес: (ненужное зачеркнуть)
__________________________________________________________________
__________________________________________________________________
7. Присвоен номерной знак __________________ нөмірлік белгі берілді.
8. Ерекше белгілер
особые отметки __________________________________________________
__________________________________________________________________
__________________________________________________________________
Техникалық паспорт
Технический паспорт выдан __________________________ ж.(г.) берілді.
_______________________________________ ____________________
(инженер-инспектор) (қолы, подпись)
М. О.
М.П.

**Сериясы**
**серия ________ № __________**

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Қазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрінің
2003 жылғы 8 қыркүйектегі № 467
бұйрығымен бекітілген Тракторларды
және олардың базасында жасалған
өздігінен жүретін шассилер мен
механизмдерді, монтаждалған арнайы
жабдығы бар механизмдерді қоса
алғанда, олардың тіркемелерін,
өздігінен жүретін ауыл шаруашылық,
мелиоративтік және жол-құрылыс

машиналары мен механизмдерін
мемлекеттік тіркеу ережелеріне
1-қосымшасының жалғасы

## II. МАШИНАЛАРДЫ ТІРКЕУГЕ АЛУ ЖӘНЕ ТІРКЕУДЕН ШЫҒАРУ
## ПРИЕМ И СНЯТИЕ МАШИН С РЕГИСТРАЦИИ

1. Снята с регистрации вследствие ______________________________
______________________________________________________________
________________________________ салдарынан тіркеуден шығарылды.
«__» __________ ж.(г.) ___________________________________
(инспектордың қолы, подпись инспектора)

2. Принята на регистрацию ____________________________________
______________________________________________________________
(жаңа иесінің мекен-жайы, адрес нового собственника)
______________________________________________ тіркеуге алынды
«__» __________ ж.(г.) ___________________________________
(инспектордың қолы, подпись инспектора)

3. Снята с регистрации вследствие ______________________________
______________________________________________________________
________________________________ салдарынан тіркеуден шығарылды.
«__» __________ ж.(г.) ___________________________________
(инспектордың қолы, подпись инспектора)

4. Принята на регистрацию ____________________________________
______________________________________________________________
(жаңа иесінің мекен-жайы, адрес нового собственника)
______________________________________________ тіркеуге алынды
«__» __________ ж.(г.) ___________________________________
(инспектордың қолы, подпись инспектора)

5. Снята с регистрации вследствие ______________________________
______________________________________________________________
________________________________ салдарынан тіркеуден шығарылды.
«__» __________ ж.(г.) ___________________________________
(инспектордың қолы, подпись инспектора)

6. Принята на регистрацию ____________________________________
______________________________________________________________
(жаңа иесінің мекен-жайы, адрес нового собственника)
______________________________________________ тіркеуге алынды
«__» __________ ж.(г.) ___________________________________
(инспектордың қолы, подпись инспектора)

Серриясы

**серия ________ № ______________**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2003 жылғы 8 қыркүйектегі № 467 бұйрығымен бекітілген Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнайы жабдығы бар механизмдерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін мемлекеттік тіркеу ережелеріне 1-қосымшасының жалғасы

III. НӨМІРЛІК БЕЛГІНІҢ ӨЗГЕРУІ
ИЗМЕНЕНИЕ НОМЕРНОГО ЗНАКА

| Нөмірлік белгінің берілген уақыты Дата выдачи номерного знака | Белгінің сериясы мен нөмірі Серия и номер знака | Инспектордың қолы және мөр Подпись инспектора и печать |
|---|---|---|
| | | |
| | | |
| | | |

IV. АГРЕГАТТАРДЫ ЖӨНДЕУ ЖӘНЕ АУЫСТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ МӘЛІМЕТТЕР
СВЕДЕНИЯ О РЕМОНТЕ И ЗАМЕНЕ АГРЕГАТОВ

| Жөндеудің жүргізілген уақыты Дата проведения ремонта | Жөндеудің түрі ауыстырылған агрегаттар және олардың нөмірі Наименование ремонтов, замененных агрегатов и их номера | Жөндеуге жауапты адамның қолы Подпись лица, ответственного за ремонт |
|---|---|---|
| | | |
| | | |
| | | |
| | | |

Серриясы

**серия ________ № ______________**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Ауыл

шаруашылығы министрінің
2003 жылғы 8 қыркүйектегі № 467
бұйрығымен бекітілген Тракторларды
және олардың базасында жасалған
өздігінен жүретін шассилер мен
механизмдерді, монтаждалған арнайы
жабдығы бар механизмдерді қоса
алғанда, олардың тіркемелерін,
өздігінен жүретін ауыл шаруашылық,
мелиоративтік және жол-құрылыс
машиналары мен механизмдерін
мемлекеттік тіркеу ережелеріне
1-қосымшасының жалғасы

V. ТЕХНИКАЛЫҚ ЖАЙ-КҮЙІН ТЕКСЕРУ
ОСМОТРЫ ТЕХНИЧЕСКОГО СОСТОЯНИЯ

| Уақыты Дата | Техникалық жағдайы Техническое состояние | Пайдаланудан бастап байқауға дейінгі жұмыс жасауы Выработка к моменту осмотра с начала эксплуатации | Инспектордың қолы Подпись инспектора |
|---|---|---|---|
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |
| | | | |

**Сериясы**
**серия _________ № ____________**

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2003 жылғы 8 қыркүйектегі
N 467 бұйрығымен бекітілген
Тракторларды және олардың базасында
жасалған өздігінен жүретін шассилер
мен механизмдерді, монтаждалған
арнайы жабдығы бар механизмдерді
қоса алғанда, олардың тіркемелерін,

өздігінен жүретін ауыл шаруашылық, мелиоративтік және жол-құрылыс машиналары мен механизмдерін мемлекеттік тіркеу ережелеріне
2-қосымша

**Машиналарды тіркеу кезіндегі техникалық байқау**
**АКТІСІ**

Мен, ______________________________________________________
(тегі, есімі, әкесінің аты)
______________________________________________ инженер инспекторы
және ________________________________________________ қатысуымен
(машина меншік иесінің тегі, аты, әкесінің аты)

________________________________________________________________
(машинаның атауы, маркасы, моделі, шыққан жылы)
зауыттық N ________ двигатель N _________________________________
техникалық тексеру жүргіздім.

Машинаны тексеру, оталдыру және жол қозғалысы сынау кезінде мыналар анықталды:

________________________________________________________________
(көрсетіледі: техникалық талаптарға сәйкес немесе параметрлері
________________________________________________________________
бойынша сәйкес емес - негізгілерін атап көрсету керек)
________________________________________________________________
________________________________________________________________
________________________________________________________________

Қол қоятындар: ___________________________________
(инженер инспектор)
___________________________________
(машинаның меншік иесі, иеленуші)
М. О.

"___"_________ 200__ ж.

Ескерту: Бұрын пайдаланылған және қолдан істелген машиналарды, сондай-ақ қайта жабдықталған машиналарды тіркеген кезде ғана жасалады.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің

2003 жылғы 8 қыркүйектегі
N 467 бұйрығымен бекітілген
Тракторларды және олардың базасында
жасалған өздігінен жүретін шассилер
мен механизмдерді, монтаждалған
арнайы жабдығы бар механизмдерді
қоса алғанда, олардың тіркемелерін,
өздігінен жүретін ауыл шаруашылық,
мелиоративтік және жол-құрылыс
машиналары мен механизмдерін
мемлекеттік тіркеу ережелеріне
3-қосымша
(заңды тұлғаларға)

Мөртабан ____________________________________________

(обл., аудан., қала.)

_____________ ҚР АШМ аумақтық басқармасына

**ӨТІНІШ**

Төмендегі арызға қоса ұсынылған құжаттар негізінде __________
_______________________________________________________________________
(істің мәнісі баяндалады)
_____________________________________ сұраймын.

1. ____________________________________________________________
2. ____________________________________________________________
3. ____________________________________________________________
4. ____________________________________________________________

Мәліметтер:

1. Машинаның түрі ________________ 2. Маркасы _______________
3. Шыққан жылы ___________________ 4. Шығарушы зауыт _______
5. Машинаның зауыттық N _________ 6. Двигательдің N _______

Ресімдеу жүргізу ___________________________ сеніп тапсырылады
(тегі, есімі, әкесінің аты)

**Машина меншік иесінің (иеленушінің) қолы** _______________

Инженер-инспектордың белгісі: _______________

Берілді: Нөмірлік белгі ______________________________________

Техникалық паспорт сериясы ___________ N ___________

"___" _________ 200__ж. ___________________________
(инженер-инспектордың қолы)

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2003 жылғы 8 қыркүйектегі
N 467 бұйрығымен бекітілген
Тракторларды және олардың базасында
жасалған өздігінен жүретін шассилер
мен механизмдерді, монтаждалған
арнайы жабдығы бар механизмдерді
қоса алғанда, олардың тіркемелерін,
өздігінен жүретін ауыл шаруашылық,
мелиоративтік және жол-құрылыс
машиналары мен механизмдерін
мемлекеттік тіркеу ережелеріне
4-қосымша
(жеке тұлғаларға)

_______________________________________
(обл., аудан., қала.)
__________ ҚР АШМ аумақтық басқармасына
азамат _________________________________
(тегі, есімі, әкесінің аты)
Туған жылы ____________________________
(тұратын мекен-жайы көрсетіледі)
паспорт (куәлік) ______ N _____________
_______________________________________
жұмыс орны ________________________

**ӨТІНІШ**

___________________________________________________________
(өтініштің мәнісі және негізі баяндалады
___________________________________________________ сұраймын.
және машинаның атауы, маркасы көрсетіледі)
Зауыттық N _____________, двигатель N _______________________
номірлік белгі __________, техникалық паспорттың нөмірі __________
Арызға төмендегі құжаттарды қоса ұсынамын:
___________________________________________________________
___________________________________________________________

"___" ___________ 200_ ж. ________________
(қолы)
Инженер-инспектордың белгілері:
Машинаның есептік мәліметтері арызда көрсетілгендерге сәйкес келеді
"___" ___________ 200_ ж. ________________
(қолы)
Берілді: Нөмірлік белгі ________________________________
Техникалық паспорттың сериясы __ N____
"___" ___________ 200_ ж.
____________________________
(инженер-инспектордың қолы)

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2003 жылғы 8 қыркүйектегі
N 467 бұйрығымен бекітілген
Тракторларды және олардың базасында
жасалған өздігінен жүретін шассилер
мен механизмдерді, монтаждалған
арнайы жабдығы бар механизмдерді
қоса алғанда, олардың тіркемелерін,
өздігінен жүретін ауыл шаруашылық,
мелиоративтік және жол-құрылыс
машиналары мен механизмдерін
мемлекеттік тіркеу ережелеріне
5-қосымша

**Машиналарды тіркеу**
**КІТАБЫ**

| Рет саны | Машиналардың типі мен маркасы | Шыққан (жасалған) жылы | Машиналар туралы мәліметтер | |
|---|---|---|---|---|
| | | | Двигатель N | зауыттық N |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | | |

| Машина иесінің атауы немесе тегі, есімі, әкесінің аты. Мекен жайы, жұмыс орны (жеке иеленуші үшін) | Техникалық паспорт берілді | | |
|---|---|---|---|
| | Уақыты | Сериясы, нөмірі | Алушының қолы |
| 6 | 7 | 8 | 9 |

| Нөмірлік белгі берілді | | | Машина иесінің, иеленуші өзгерістері, тіркеуден шығару, нөмірлік белгілерді өткізу, техникалық паспортты немесе нөмірлік белгі ауыстыру туралы белгілер | Ескерту |
|---|---|---|---|---|
| Уақыты | Сериясы, нөмірі | Алушының қолы | | |
| 10 | 11 | 12 | 13 | 14 |

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары -
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2003 жылғы 8 қыркүйектегі
N 467 бұйрығымен бекітілген
Тракторларды және олардың базасында
жасалған өздігінен жүретін шассилер
мен механизмдерді, монтаждалған
арнайы жабдығы бар механизмдерді
қоса алғанда, олардың тіркемелерін,
өздігінен жүретін ауыл шаруашылық,
мелиоративтік және жол-құрылыс
машиналары мен механизмдерін
мемлекеттік тіркеу ережелеріне
6-қосымша

**Нөмірлік белгілер мен техникалық паспорттар түсуін және берілуін есепке алу**
**ЖУРНАЛЫ**

| Келіп түсуі | | | |
|---|---|---|---|
| Уақыты | Қайдан келіп түсті. Тіркеме қағаздың немесе жолдама хаттың нөмірі | Сериясы мен нөмірі | Саны |
| 1 | 2 | 3 | 4 |

| Берілуі | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| Берілген күні | Беру негізі | Кімге берілді (инспекцияның атауы, алушы адамның аты, әкесінің аты, фамилиясы) | Саны | Сериясы мен нөмірлері | Алғандағы қолы | Ескерту |
| 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК